

**"Сайрам ауданы Көлкент ауылдық округіне қарасты елді мекендердің көшелерін қайта атау туралы" Көлкент ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 наурыздағы № 194 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Түркістан облысы Сайрам ауданы Көлкент ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 16 маусымдағы № 126 шешімі

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Көлкент ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көлкент ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 наурыздағы № 194 "Сайрам ауданы Көлкент ауылдық округіне қарасты елді мекендердің көшелерін қайта атау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4511 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің 4 тармағының 10) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"10) Тастақ көшесі – Алмазар көшесі деп."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*У.Юлдашов*